28-02/11 08.11.2024

**«БЕКІТЕМІН»**
**«ОҚМА» АҚ ректоры**
**Ж.С.Сейтжанова**
**2024 ж.**

# СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
**Е 410-2024**

| Күні | Көшірме | Басылым |
|---|---|---|
| | | Төртінші |

**Шымкент**

**1.«ОҚМА» АҚ** «Тәжірибелік дағдылар» орталығы **ӘЗІРЛЕП, ЕНГІЗДІ.**

**2,«ОҚМА» АҚ** Сапа бойынша Кеңестің шешімімен **КЕЛІСІЛДІ.**

Кезеңдік тексеру мерзімі - 3 жыл

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

# МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| 1 | ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР | 4 |
| 2 | ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР | 4 |
| 3 | СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТТІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ | 5 |
| 4 | СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТТІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ | 5 |
| 5 | СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТТЕР РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ МҮМКІН ТҰЛҒАЛАР | 6 |
| 6 | СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТТЕР РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ МҮМКІН ЕМЕС ТҰЛҒАЛАР | 6 |
| 7 | СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР | 7 |
| 8 | ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТТЕРДІ ДАЙЫНДАУ | 7 |
| 9 | БИБЛИОГРАФИЯ | 8 |
| 10 | СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТТІҢ САУАЛНАМАСЫ | 9 |
| 11 | СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТ РЕТІНДЕ ҚАТЫСУҒА КЕЛІСІМ | 11 |
| 12 | "СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТ" ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТЫ БАҚЫЛАУ АКТІСІ | 12 |


Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

# 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Стандартталған пациент – білім алушының/емтихан тапсырушыны құзреттілігін бағалауға және оқытуға қатысатын арнайы дайындалған тұлға. Стандартталған пациент берілген клиникалық сценарий бойынша симуляция жасайды және осы сценарийдің шектерінен аспайды. Стандартталған пациент құрылымдық  науқасты клиникалық тексеру және  тарихын жинау дағдыларын үйрету үшін ерекше құнды болып табылады. Медициналық жоғары оқу орындарының білім алушылары нақты пациенттермен қарым – қатынас жасау тәжірибесінің жетіспеушілігін жиі сезінеді. Стандартталған пациенттерді қамтитын шынайы сценарийлерді меңгеру арқылы білім алушылар тәжірибе жинақтайды, ал оқытушылар білім алушылардың теориялық білімдерін тәжірибеде қалай қолданатынын бағалауға мүмкіндік алады.

1.2. Қызметкерлердің келесі санаттары енгізілген:

- стандартталған пациент – науқасты білдіретін тұлға;
- стандартталған қатысушы – пациенттің ортасын білдіретін тұлға (туыстары, науқас болып табылмайтын медицина қызметкерлері).

# 2.ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта мынадай терминдер, анықтамалар, белгілер мен қысқартулар қолданылады:

СП – Стандартталған пациент,
ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы,
ТДО – Тәжірибелік дағдылар орталығы.

Осы ереже мынадай үлгілер қолданысқа енгізеді:

| | |
|---|---|
| Ү 410-01-2024 | Стандартталған пациенттің анкетасы |
| Ү 410-02-2024 | Стандартталған пациенттің келісімі |
| Ү 410-03-2024 | «Стандартталған пациент» әдістемесі бойынша тәжірибелік сабақтарды бақылау актісі |

# 3. СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТТІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

3.1. Білім алушыларға оқу тәжірибесін ұсыну.

3.2. Оқушыларға коммуникативтік дағдыларды және зерттеу жүргізу дағдыларын қолдануға мүмкіндік беру.

3.3. Білім алушылардың тұлғааралық/сауалнама дағдыларын бағалау.

3.4. Білім алушыларға объективті баға беру.

## 4. СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТТІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1. Стандартталған пациенттер белгіленген құрылтай құжаттарына және ҚР заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты мен демалыс тәртібіне қатысты барлық құқықтарды пайдаланады.

4.2. Стандартталған пациенттер жұмысымен байланысты барлық мәселелер бойынша басшы қызметкерлеріне жүгінуге құқылы.

4.3. ПОҚ стандартталған пациенттің жұмысқа түскен кезден бастап еңбек жағдайлары және ішкі тәртібін анықтайтын ережемен таныстыруы тиіс.

4.4. Стандартталған пациент міндетті:

- ҚР қолданыстағы заңнамаларын бұзбауға, ішкі тәртіп ережесі талаптарын, тиісті басшыларының өкімдерін қатаң орындауға;
- мүлкі және қаржыға залал әкеп соғатын іс-әрекет жасамауға;

4.5. Әкімшілік стандартталған пациенттен шартта белгіленбеген жұмысты орындауға талап етуге құқылы емес.

## 5. СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТТЕР РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ МҮМКІН АДАМДАР

5.1. Өзінің жеке қасиеттері, денсаулық жағдайы бойынша өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті, жасы он сегізден төмен емес Қазақстан Республикасының азаматтары.

## 6. СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТТЕР РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ МҮМКІН ЕМЕС АДАМДАР

6.1. жасы он сегізден төмен тұлғалар;

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

6.2 әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп сотпен танылғандар;

6.3 медициналық мекеменің қорытындысы негізінде лауазымдық өкілеттігін орындауға кедергі келтіретін ауруы барлар;

6.4 жұмысқа кіру уақытына өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен соттылығы барлар;

6.5 бұрын сотталған немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінен 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) 12) тармақтарының негізінде қылмыс жасағаны үшін немесе 36-бабының негізінде ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін жауаптылықтан босатылғандар.

## 7. СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. ПОҚ арқылы материалдарды оқу, тренингтер және басқа да нұсқаулықтар арқылы бағдар алу және дайындалу.

7.2. Білім алушының/емтихан тапсырушының сұрастыру және тексеру дағдыларына оқыту және дағдыларын бағалау кезінде "нақты" науқастың аурулары көрсете білу.

7.3. Медициналық тексерудің барлық бөліктерін жүргізуге мүмкіндік беру.

7.4. Жалпы медициналық тексеру кезінде шамалы асқынулардың, соның ішінде уақытша ыңғайсыздық, мазасыздану немесе ауырсыну тәуекелі бар болатынын түсіну. Егер білім алушы/емтихан тапсырушы зерттеу барысында ауырсыну немесе дискомфорт тудырса, онда стандартталған пациент осы мәселе туралы дереу хабардар етуге міндетті.

7.5. Кез келген уақытта кезкелген қызметті одан әрі орындаудан бас тартуға мүмкіндігін түсіну.

7.6. Аудио - немесе видеоға жазылған кейбір кездесулер профессорлық-оқытушылар құрамымен, жаттықтырушылармен, сарапшылармен және басқа да стандартталған пациенттермен зерттеу, бағалау және білім беру мақсатында көрілуі мүмкіндігін түсіну.

7.7. Стандартталған пациент сессияларының мақсаты – білім алушының/емтихан тапсырушының оқытуы және бағалауы екендігін түсіну.

7.8. Тәжірибелі немесе тәжірибесі жоқ дәрігермен зерттелетінін, бұл адамнан өзінің жай – күйі қатысты жеке медициналық көмек бойынша кеңес ала алмайтынын түсіну.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

7.9. Медициналық қызметкерлердің қабылеттілігін жетілдіруге өз үлесін қосатынын түсіну.

7.10 Барлық ақпарат қатаң құпия сипаттағы түрде болатынын және тек зерттеу не оқыту мақсатында қолданатынын түсіну.

7.11 Барлық толығырақ ақпарат алу үшін: жалпы сипаттамасы, егжей-тегжейлі сценарийлер, бақылау парақтарының нысандарын, бағалау шкалалар туралы ақпараттың құпиялығын сақтау.

7.12. Білім алушының/емтихан тапсырушының қызметіне қатысты кез келген бақылаулар туралы құпиялылықты сақтауға тиіс.

## 8. ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТТЕРДІ ДАЙЫНДАУ

Стандартталған пациентті іріктеу кезінде келесі сипаттамалар маңызды:

- рөлге сәйкес (жасы/жынысы/жеке деректер бойынша),
- пунктуалды (уақытында, әрқашан дайын),
- қол жетімді (телефон, электрондық пошта),
- конструктивті пікірлер/сынды қабылдауға қабілетті,
- құпиялылықты сақтауға қабілетті,
- стандартталған пациенттің сауалнамасын (үлгі 410-01-2024), стандартталған пациент ретінде қатысуға келісім (үлгі 410-02-2024), «стандартталған пациент» әдістемесі бойынша тәжірибелік сабақтарды бақылау мақсатында акт (үлгі 410-03-2024) толтыру.

## 9. БИБЛИОГРАФИЯ


| | |
|---|---|
| [ 1 ] | Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылғы 27 шілдеде бек., № 319 (өзгерістер мен толықтыруларымен 01.09.2024 ж.) |

**Әзірлеген:**

| Қызметі | Аты-жөні |
|---|---|
| Тәжірибелік дағдылар орталығының басшысы | Н.Д. Калменов |

**Тексерген:**

| Қызметі | Аты-жөні |
|---|---|
| Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі | Н.Ә.Ержанов |
| Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы | О.А. Кабиштаев |

**Келісілген:**

| Қызметі | Аты-жөні |
|---|---|
| Оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректор | М.У. Анартаева |

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

410-01-2024

# СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТТІҢ САУАЛНАМАСЫ

Келесі ақпарат әртүрлі клиникалық сценарийлерге қажетті стандартталған пациенттерді таңдау үшін қажет. Сізге қажетті ақпаратты таңдаңыз.

Фото

**Фты-жөні**______________________________________

**Туылған күні, айы, жылы:** __________________________

**Бойы:** _________________ **Салмағы:** ______________________

**Ұлты:** _________________________________

**Жанұя жағдайы:** ______________________________

**Меңгерген тілі (қажетті тілді таңдаңыз):**

Орыс, қазақ, ағылшын тілі

**Мекен-жайы (көше, қала, мемлекет):** __________________________________

**Сымтетік**

Жұмыс сымтетігі:_________________________ Үй сымтетігі____________________

Ұялы сымтетігі __________________________________________________________

**Электрондық пошта:** __________________________________________________

**Білімі:** _______________________________________________________

**Жұмыс жасау статусы:** толық жұмыста  жартылай жұмыста  Жұмыссыз

Білімалушы

**Жұмыс орны:** ___________________________________

**Күн ішінді қол жетімдігі (9.00-17.00):** ИЯ ЖОҚ

**Демалыс күндері қол жетімдігі (сенбі, жексенбі):** ИЯ ЖОҚ

Барлық медициналық айғақтары тыртық немесе тату сізде бар болса, немесе медициналық тексеру кезінде байқалған болса атаңыз.

| **Іздер** | ИЯ ЖОҚ | Егер ИӘ болса, түрін, мөлшерін және орналасқан жерін сипаттаңыз |
|---|---|---|
| **Тыртық** | ИЯ ЖОҚ | |
| **Меңдер** | ИЯ ЖОҚ | |
| **Татуировка** | ИЯ ЖОҚ | |

| **Ауралар** | ИЯ | ЖОҚ | Сипатталуы |
|---|---|---|---|
| **Госпитализация** | ИЯ | ЖОҚ | |
| **Отаулар** | ИЯ | ЖОҚ | |

**Залалды әдеттеріңіз бар ма? (бар болса, қандай?)** ИЯ ЖОҚ

**Актер немесе стандартталған пациент рөлін ойнау тәжірибеңіз бар ма?** ИЯ ЖОҚ

________________________________________________________________

**Мүмкін болса, бізге пайдалы ақпаратыңызды беріңіз:**

________________________________________________________________

________________________________________________________________

**Қолы:**________________________ **Күні:**________________

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

У 410-02-2024

**СТАНДАРТТАЛҒАН ПАЦИЕНТ РЕТІНДЕ ҚАТЫСУҒА КЕЛІСІМ**

Мен,______________________________________________________________________,

(аты-жөні)

Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды клиникалық дайындау және олардың дағдыларын бағалау мақсатымен стандартталған пациент ретінде қатысуға келісемін.

Міндеттер:

1. Кандидаттарға стандартты оқу тәжірибесінің ұсыну.
2. Науқасты тексеру кезіндегі дағдыларды және коммуникативті дағдыларды іске асыруға мүмкіндік беру.
3. Кандидаттардың науқасты тексеру дағдылары мен тұлға аралық қарым-қатынас дағдыларына үйрету және бағалау.
4. Кандидаттарды объективті бағалау.

Стандартталған пациент ретінде мен:

- Оқытушылардың көмегімен мәліметтерді оқу, тренингтер және басқа да нұсқаулықтар арқылы бағдар алып дайындаламын.
- Білім алушыларды/емтихан тапсырушыларды оқыту және бағалау ретінде шынайы науқастың бейнесін көрсетіп, олардан интервью алып және мені тексеруге мүмкіндік беремін.
- Қан анализін тапсыруды, рентгенологиялық тексеру жүргізуі не басқа да инвазивті процедураларды өткізуге сұраныс білдірмеймін.
- Білім алушыларды/емтихан тапсырушылар медициналық тексерудің барлық кезеңдерін өткізуді талап ете алады.
- Жалпы медициналық тексерудің жанама әсерлері, соның ішінде уақытша ауырсыну, мазасыздық болатының түсінемін. Егер де медициналық тексеру кезінде қандай да бір ауырсыну не мазасыздықты сезінсем, сол сәтте мәселе туралы хабарлаймын не тесеруді тоқтатамын.
- Кез келген уақытта, кез келген қызметтен бас тарту мүмкіндігімді түсінемін.
- Кейбір кездесулер аудио- не бейнетаспаға түсіріледі. Бұл кездесулер зерттеу, бағалау және блім алу мақсатымен өткізіледі. Мен аудио- және бейнетаспаға түсірілуіме келісемін, және де бұл түсірілімдер профессор-оқытушылар құрамы, тренерлер, басқа стандартталған пациенттерімен көрілетініне келісемін.
- Стандартталған пациенттер сесиясысының мақсаты – білім алушылар мен басқа денсаулық сақтау саласының мамандарын оқыту мен бағалау екенін түсінемін.
- Тәжірибесі бар және тәжірибесі жок дәрігермен тексерілетінімді түсінемін, және бұл дәрігерден мені өз жеке медициналық мәселем бойынша кеңес алатынымды күтпеймін.
- Зерттеудегі менің қатысуым медициналық қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатуға үлес қосуымды түсінемін.
- Мен туралы жеке мәлімет құпия болатынын және тек зерттеу, білім беру мақсатымен қолданылатынын түсінемін. Менің құпиялығым сақталынады, менің аудио- және бейнетаспалардағы түсірілген қатысуым басқа мекемелерге берілмейтініне сенімдімін.
- Стандартталған пациент ретінде алынған мәліметті, соның ішінде жалпы бейнеленуі, сценарийлер, бағалау парақтары және бағалау шкалалар форматтарын құпия түрінде сақталуға келісемін.
- Білім алушылармен/науқастармен кездесу барысында олардың қызметі туралы алынған бүкіл мәліметті құпия түрінде сақталуға келісемін.

Жоғарыда айтылған менің келісімдерім төлем ақысыз жүргізіледі.

**Қолы:**_____________________________

**Күні:**_____________________________

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

Ү 410-03-2024

**«Стандартталған пациент» әдістемесі бойынша тәжірибелік сабақтың бақылау актісі**
**АКТ контроля практического занятия по методике «стандартизированный пациент»**

**Сабақты өткізу уақыты мен мерзімі**
Дата и время проведения занятия________________________________________

Кафедра____________________________________________________

**Сабақты өткізетін оқытушының аты, жөні, тегі**
Ф.И.О.преп.,проводившего открытое занятие__________________________________

**Сабақтың тақырыбы**
Тема занятия__________________________________________________

**Сабақтың бағасы**
Достоинства занятия______________________________________________

**Кемшіліктер, ескертпелер**
Предложения__________________________________________________

**Тұжырым**
Выводы______________________________________________________

**Сабақтың актісін толтырған лауазымды тұлғаның аты, жөні, тегі**
Ф.И.О., должность лица, заполнившего акт контроля открытого занятия

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады